

Байзақ ауданында қылмыстық - атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 4 қаңтардағы № 4 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 ақпанда № 1885 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 мамырдағы № 245 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің 27.05.2016 № 245 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 21 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабына сәйкес Байзақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс орындарының квотасы белгіленсін:

1) Қылмыстық – атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай - ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір проценті мөлшерінде;

2) интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір проценті мөлшерінде.

2. "Байзақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Б. Абдрахманова) етініш жасаған қылмыстық - атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды жұмысқа жібергенде осы қаулыны басшылыққа алсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Байзақ ауданы әкімінің орынбасары Мақсат Аманжолұлы Демесиновке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап

заңды күшіне енеді және алғаш ресми жариялаған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

M. Шүкеев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК